



№50 (19802) 26 маусым, 2026 жыл

SEMEYtanu

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ


АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



- 1 **Аймақ басшысы Берік Уәли облыстық мәслихаттың XXXVII сессиясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы міндеттер туралы баяндады**
- 2 **Мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлеріне кәсіби мерекелеріне орай құрмет көрсетілді**
- 3 **Семейде жаңа театр ғимараты салынады**
- 4 **«Абайға құрмет» акциясы жалғасуда: жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта Медиаорталықтың, Үстел теннисі мен Шығармашылық орталықтың құрылысы басталды**



Облыс әкімі Берік Уәли таяуда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болғанда өңірде атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндап, Мемлекет басшысына Абай еліне көрсетіп отырған қолдауы үшін алғыс білдірген болатын.

Бүгінде қолға алынған бастамалар мен жүзеге асырылып жатқан жобаларға қарағанда, Абай облысын бұрын-соңды болмаған ауқымды өзгерістер күтіп тұр. Өткен жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Президенттің қолдауымен бастау алған «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында еліміздің әр өңірі Семей қаласында ірі әлеуметтік, мәдени нысандар салуды бастады. Облыс әкімі Берік Уәли осы аптада Семей қаласының оң жағалауында салынатын әкімшілік-іскерлік орталық аумағында болып, жаңа нысандардың құрылыс жұмыстарын көріп қайтты.

Ай- Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Қазіргі уақытта жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта Маңғыстау облысының сыйлығы Достық үйінің, Бейбітшілік аралында Солтүстік Қазақстан облысының сыйы Рәміздер алаңының, қаланың сол жағалауында Ақтөбе облысының тартуы Жекпе-жек сарайының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Түркістан облысы көрме орталығын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» ғимаратын, Атырау облысы «Абай әлемі» орталығын, Жетісу облысы Семейдің кіреберісіне қала қақпасын, Батыс Қазақстан облысы спорт кешенін, Қостанай облысы руханият орталығын, Астана қаласы «Келешек» мектебін салып берсе, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс өзені жағалауын абаттандырады. Шымкент қаласы шығармашылық орталығымен қатар Семей қаласының Водный кентіне Мәдениет үйін сыйға тартпақ.

Бұдан бөлек, қоғамдық қор, ұлттық компаниялар және бизнес құрылымдар есебінен бірқатар әлеуметтік және спорттық нысандар салу көзделген. Атап айтқанда, «KAZ Minerals» компаниялар тобы жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта стадион, «Самұрық қазына» ҰҚ АҚ Мирный кентінде дене-шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысын бастады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Инклюзивті спорт орталығын, «Қазақстан темір жолы» ҰҚ АҚ Дене-шынықтыру сауықтыру кешенін, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Болашақ сарайы құрылысын салуды жоспарлап отыр.

Осы аптадағы айтулы оқиға - Семей қаласының оң жағалауында салынатын жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтың аумағында «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында үш бірдей әлеуметтік-мәдени нысанның құрылысының басталуы. Облыс әкімі Берік Уәли сәрсенбі күні әкімшілік орталықтың құрылыс алаңында болып қайтты.

Аймақ басшысы алдымен Алматы қаласының тартуы - Медиаорталықтың құрылысын көрді. Абай облысы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жалпы ауданы 4839,06 шаршы метр болатын төрт қабатты ғимаратта бейнежазба және аудиостудиялар, бейне және аудио монтаждау бөлмелері, конференц-зал, кинозал, коворкинг аймақтары орналасатын болады. Сонымен қатар демалыс орындары мен кафе, медиа-кітапхана және басқа да қажетті инфрақұрылым қарастырылған. Бұдан бөлек, журналистер аллеясы болады.

Жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта сондай-ақ Шымкент қаласының тартуы - Шығармашылық орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. Жалпы ауданы 1210,51 шаршы метрді құрайтын ғимарат үш қабаттан тұрады. Оның құрылымы оқу, жалпы мектептік және әкімшілік-шаруашылық блоктарынан құралған. Оқу бөлімі музыкалық, хореографиялық және бейнелеу өнері бағыттарына бөлінеді. Жоба 150 оқушыға арналған. Мұнда балалардың сапалы білім алып, шығармашылық қабілеттерін дамытуына, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан жетілуіне барлық жағдай жасалатын болады.

Облыс әкімі Павлодар облысының тартуы - Үстел теннисі орталығының құрылыс алаңында да болды. Жалпы ауданы 2580,61 шаршы метрді құрайтын спорт нысаны екі қабаттан тұрады. Мұнда негізгі холл, медицина және күзет кабинеттері, спортшыларға арналған киім ауыстыру бөлмелері, жаттықтырушылар, төрешілер мен әкімшілік қызметкерлерге арналған кабинеттер, көрермендерге арналған трибуналар және өзге де қажетті үй-жайлар орналасады.

Үш нысанның құрылыс алаңдарын аралаған облыс әкімі жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтың Семейдің жаңа келбетіне айналатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында бүгін, міне, үш бірдей нысанның құрылысы басталып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында Алматы қаласының тартуы - Медиаорталық құрылысының басталуы өңір журналистері үшін жақсы жаңалық болды деп ойлаймын. Жобаның архитектуралық келбеті жақсы. Жаңа нысан «Smart city» ауданының көркін ашатын орталық болатыны анық. Акция шеңберінде салынып жатқан кезекті ғимаратымыз - Павлодар облысының тартуы теннис орталығы. Бұл - өңіріміз үшін аса қажетті нысан. Өздеріңіз білесіздер, облысымызда мұндай теннис орталығы жоқ. Ең бастысы, басталған құрылыстарды сапалап, әрі уақтылы аяқтауымыз керек. Құрылыс жұмыстарын бақылап, қадағалауда ұстап отырамыз. Осы сәтті пайдаланып, «Абайға құрмет» акциясына қолдау білдіргені үшін Алматы, Шымкент қалалары мен Павлодар облыстарының әкімдеріне облыс жұртшылығы атынан алғысымды айтамын, - деді Берік Уәли.

Осы күні аймақ басшысы Семейдегі Абай атындағы театрда Қазақстан полициясы қызметкерлерінің және Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекелеріне орай ұйымдастырылған салтанатты жиындарға қатысты.

Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік шараға сонымен қатар облыстық Полиция департаментінің бастығы Эльдар Данияров, осы саланың қызметкерлері мен ардагерлері жиналды. Аймақ басшысы салтанатты жиында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамдағы рөліне ерекше тоқталып, олардың ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі еңбегін жоғары бағалады.

Бұл күн - ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аябай еңбек етіп жүрген полиция қызметкерлерінің қажырлы еңбегіне көрсетілетін ерекше құрметтің белгісі. Құқық қорғау саласында қызмет ету - үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті, табандылық пен адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әділдік идеясы үстемдік құрған қоғамда полиция қызметкерлеріне жоғары талап қойылып, зор жауапкершілік жүктеледі. Әрбір тәртіп сақшысының қызметін мінсіз атқарып, білікті маман, отаншыл азамат болуы өте маңызды», - деп ерекше атап өткен болатын. Бұл сіздердің абыройлы қызметтеріңізге, ауыр міндеттеріңізге берілген ыңырайы

баға, биік құрмет деп білеміз. Еліміздің тыныштығы мен халқымыздың қауіпсіздігі жолындағы жауапты қызметтеріңіз әрдайым жемісті болсын!,- деді Берік Уәли.

Шара барысында елеулі еңбегі мен көп жылдық адал қызметі үшін бір топ ардагер «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен және қоғамдық тәртіпті сақтауда қосқан үлесі үшін бірқатар полиция қызметкері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің ведомстволық медальдары мен төсбелгілері, Құрмет грамотасы мен алғыс хаттары тапсырылды.

Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты кеште сөз алған облыс әкімі Берік Уәли барша мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен құттықтап, толағай табыстар тіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Мемлекеттік қызметші - ел мен халық арасындағы алтын көпір болуы тиіс». Ел алдындағы парыз бен жауапкершілікті сезіну - нағыз азаматтың белгісі. Қазіргі таңда облысымызда үш жарым мыңнан астам мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Олар әр салада жанкештілікпен еңбек етіп, өңіріміздің дамуына үлес қосып келеді. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз - ел дамуының негізі, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған игі істердің бастауы. Кәсіби мерекелеріңіз - Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз арта берсін, - деді Берік Уәли.

Салтанатты шарада мемлекеттік қызмет саласында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер мемлекеттік және ведомстволық марапаттарға ие болды. Облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Жарқын Жұмаділов Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғысымен және «Барыс» төсбелгісімен, Абай облысының қаржы басқармасының басшысы Гүлфайрус Серікболова «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар осы салада ұзақ жыл жұмыс істеп келе жатқан бірнеше азаматқа «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі табысталды.

Ерекше атап өтерлігі, биыл алғаш рет мемлекеттік қызметшілердің ата-аналарына бала тәрбиесіне қосқан үлесі үшін облыс әкімінің алғыс хаттары табыс етілді.

Мерекелік жиында «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» облыстық байқауының қорытындысы жарияланды. Абай облысының спорт және дене шынықтыру басқармасының бөлім басшысы Байарыстан Башенов байқау жеңімпазы атанды.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. 23 маусым күні сондай-ақ облыстық мәслихаттың кезекті, XXXVII сессиясы өтті. Жиында облыс әкімі Берік Уәли өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есеп беріп, өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен іске асырылып жатқан тиімді жобалар жайында баяндады (толығырақ 2-беттен оқысыздар).




МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Өңір экономикасы оң өсім көрсетті

2025 жылы облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері оң өсім көрсетті. Жалпы өңірлік өнім 3,9 трлн теңгеге жетіп, инвестициялар көлемі 616,2 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және көлік салаларында тұрақты даму сақталды. Өңірде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Аягөз – Бақты» теміржол желісі, Семей қаласында жаңа жылу электр орталығын салу, жел электр станциясын іске қосу және тау-кен байыту комбинатын салу бағытындағы ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Облыста жалпы құны 4,4 трлн теңгені құрайтын 112 инвестициялық жоба қалыптастырылған. Биыл 41 жобаны іске асыру және 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Семей қаласында арнайы экономикалық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде. Аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған ірі жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – «ЕвразияАгроСемей» ЖШС базасында салынып жатқан ет комбинаты. Жобаның құны 7,7 млрд теңгені құрайды. Өнеркәсіпті дамыту бағытында жаңа өндірістер ашылуда. Семейдегі «Өндіріс» индустриальнық аймағының аумағы 96 гектардан 190 гектарға дейін кеңейтілді. Сонымен қатар Мақаншы ауданында агроөнеркәсіптік кешенге

Сейсенбі, 23 маусым күні облыстық мәслихаттың кезекті XXXVII сессиясы өтті. Жиында облыс әкімі Берік Уәли өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есеп беріп, өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен іске асырылып жатқан тың жобалар жайында баяндады.



бағытталған өңірлік индустриялық аймақ құрылуда.

Туризм саласында да ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр өңірде 8,9 млрд теңгеге 4 туристік жоба іске қосылды. Жағалау инфрақұрылымын дамытуға былтыр 1 млрд теңге бағытталса, биыл 15,4 млрд теңге қаржы бөлініп отыр. Соның ішінде электр желілерін тарту және Үржар әуежайының терминалын реконструкциялау үшін Арнаулы мемлекеттік қордан 11,6 миллиард теңге қарастырылған. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жалпы құны 24,9 млрд теңгеге 32 жоба іске асырылды. Нәтижесінде бұрын суы

болмаған елді мекендер сумен қамтылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Семейде төрт жолақты жаңа көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде. Президенттің қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында қазіргі уақытта Маңғыстау облысының сыйлығы Достық үйі мен Солтүстік Қазақстан облысының сыйы Рәміздер алаңының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Ақтөбе облысы Жекпе-жек сарайының іргетасын қалады. Түркістан облысы көрме орталығын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» ғимаратын, Атырау облысы «Абай

әлемі» орталығын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Жетісу облысы Семейдің кіреберісіне қала қақпасын, Батыс Қазақстан облысы спорт кешенін, Қостанай облысы руханият орталығын, Алматы қаласы медиаорталық, Астана қаласы «Келешек» мектебін салып берсе, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс өзені жағалауын абаттандырады. Шымкент қаласы шығармашылық орталығымен қатар Семей қаласының Водный кентіне Мәдениет үйін сыйға тартпақ. Бұдан бөлек қоғамдық қор, ұлттық компаниялар және бизнес құрылымдар есебінен бірқатар әлеуметтік және спорттық нысандар салу көзделген. Атап айтқанда, «Самұрық қазына» ҰҚ» АҚ Семейде дене-шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысын бастады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Инклюзивті спорт орталығын, «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ Дене-шынықтыру сауықтыру кешенін, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Болашақ сарайы құрылысын салуды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, өңірде «Қаладан - ауылға» өңіраралық жобасы жүзеге асырылуда. Жыл соңына дейін 500 отбасын

ауылдық жерлерге қоныстандыру жоспарланған. Қазірдің өзінде 187 отбасы немесе 605 адам ауылдық елді мекендерге көшіп келді. Аймақ басшысы өңірдегі барлық бастамалар мен жобалардың орындалуы тұрақты бақылауда болатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысының Абай облысына қатысты жүктеген міндеттерін орындау үшін бар күш-жігерімізді салып жұмыс атқарып жатырмыз. Облыста жүзеге асырылып жатқан жұмыс ауқымды. Оң нәтижелер бар. Мұның бәрі бірлесіп істеген еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысты жалғастыра береміз», – деді Берік Уәли.

Мәслихат сессиясында сондай-ақ 2025 жылғы облыстық бюджеттің орындалуы мен салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру, өңірді дамыту бағдарламасының орындалу бағыры, Шақаман ауылындағы ет комбинатының инфрақұрылымына қатысты мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне өзгерістер енгізу, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары, тұрғын үйлерді қайта жаңарту бағдарламасы, сәулет-қала құрылысы кеңесінің құрамы, Ақсуат ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу және оқругтік сайлау комиссияларының құрамын жаңарту мәселелері қаралды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

«АБАЙ ОҚУЛАРЫ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

21-24 маусым аралығында облысымызда XXVII Республикалық «Абай оқулары» шығармашылық байқауы өтті. Қазақ руханиятының темірқазығы саналатын хакім Абайдың шығармашылық мұрасын насихаттауға бағытталған байқауға еліміздің барлық өңірлерінен іріктелген 130-дан астам оқушы қатысты.

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tañu»



Байқаудың салтанатты ашылу рәсімі 21 маусым Семей қаласында өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының және Абай облысы білім басқармасының өкілдері, өңірлік «Дарын» орталықтарының қызметкерлері, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Аталған шараға Прага мемлекеттік университетінің «UniSchool» орталығының басшысы Мадина Карменова, «Edlight Academy» ЖШС бас директоры Тор Али, Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов, «Адал Ас» ЖШС басшысы Ермек Асылхазыұлы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Жазирә Нариманқызы демеушілік көрсетті.

Байқауға қатысушылар «Абайдың асыл мұрасы», «Абайдың ақын шәкірттері», «Өнді сүйсең, менше сүй», «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» және «Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі» аталымдары бойынша сынға түсті. Байқау барысында қатысушылар ақын өлеңдерін оқып, өндерін орындап, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін, шешендік өнері мен сахналық шеберліктерін көрсетті.

Байқау аясында қатысушылар мен қонақтар үшін Семей - Қарауыл - Жидебай бағыты бойынша тарихи-танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Жас өрендер алдымен Бөрілідегі М.Әуезов музей-үйінде болып, ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды деректермен танысты. Қонақтарды мектеп, балабақша және музей ұжымдары қазақы дәстүрге сай қарсы алып, құрмет көрсетті.

Экскурсия барысында қатысушылар Абайдың туған жері Сырт Қасқабулаққа, Еңлік-Кебек ескерткішіне, Қарауыл ауылындағы Абай ескерткішіне барды, Жидебайда болып, ұлы ақынның өмірімен, шығармашылық мұрасымен жақынырақ танысты. Тарихи орындарда қонақтарға театрландырылған қойылымдар ұсынылды. Әсіресе Қарауыл гимназиясы ұжымының ұйымдастыруымен сахналанған «Еңлік-Кебек» қойылымы көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Қарауыл ауылындағы Абай ескерткіші жанында өткен салтанатты шара барысында Абай ауданының әкімі Мейіржан Серікбосынұлы құттықтау сөз сөйлеп, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ зиялы қауым өкілдері, ардагер ұстаздар мен қонақтар Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

Қасиетті Жидебай жерінде қатысушыларды «Қаламқас» халық ән-би ансамблінің өнерпаздары Абайдың «Айттым сөлем, Қаламқас» өнімен қарсы алды. Бұдан кейін қонақтар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының аумағын аралап, ақынның музей-үйімен танысты. Сонымен қатар Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында орналасқан «Өлімнен де күшті» мемориалдық кешенінде де болып, өңірдің тарихи-мәдени мұраларымен танысты.

Байқауды жабылу салтанаты 24 маусым күні М.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжінде өтті. Байқау қорытындысы бойынша аудандық мектептердің оқушылары жоғары нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» аталымы бойынша Абай ауданы жалпы орта білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Наз Қайратқызы І орынды жеңіп алды. II орынды Ақсуат ауданы Ю.Гагарин атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Азамат Серіков иеленді.

«Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» бағыты бойынша М.Әуезов атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Қарақат Байбосынова II орынға ие болды.

«Абайдың асыл мұрасы» бағыты бойынша Жарма ауданындағы Т.Хасенұлы атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Кәусар Қайрбек III орынды еншіледі. Байқаудың «Әнді сүйсең, менше сүй» бағыты бойынша Ералы Ерболов III орынды қанжығалады.

Ал «Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі» бағыты бойынша Абай ауданы жалпы орта білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Еркежан Молиханова арнайы грамотамен марапатталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдармен қатар демеушілер атынан бағалы сыйлықтары табысталды.

Тағылымы мол республикалық шара жас ұрпақтың Абай мұрасын терең танып, ұлттық құндылықтарды бойларын сіңіруіне, шығармашылық қабілеттерін ұштауына зор мүмкіндік берді.

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Күн тәртібінде облыс бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Бек БОЛАТ,
«Semei tañu»

Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережим арқылы қосылды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Отбасы банк» АҚ Абай облысы бойынша филиалының директоры Равиль Сәбитов баяндады.

Филиал директорының айтуынша, өңірде тұрғын үйді есепке қою, кезекті жүргізу және баспананы бөлу жұмыстары «Өркен» цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылуда. Бұл жүйе тұрғын үйді бөлудің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етіп, адам факторын азайтады.

Облыста тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды түгіндеу жұмыстары

жүргізілуде. Соңғы айларда бұл бағыттағы көрсеткіш айтарлықтай жақсарған. Бұған дейін түгіндеуден өтпеген азаматтар саны 7 617 адам болса, бүгінде бұл көрсеткіш 3 128 адамға дейін азайған. Яғни, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 4 489 азаматтың мәліметтері жаңартылды. 2026 жылғы 19 маусымдағы жағдай бойынша, облыста тұрғын үй кезегінде 33 910 азамат тіркелген. Оның ішінде 10 998 адам аудандарда тұрады.

Сонымен қатар өңірде жалға берілетін тұрғын үйлерді бөлу жұмыстары жалғасуда. Бүгінде мемлекеттік қолдау шаралары аясында ұсынылған 1 086 пәтердің 566-сы бөлініп, жергілікті атқарушы органдарға жолданған. Әсіресе Семей қаласында тұрғын үйді бөлу қарқыны жоғары. Мұнда ұсынылған 327 пәтердің 314-і азаматтарға бе-

рілді.

Кеңесте Жаңасемей ауданында тұрғын үйді бөлу мерзімін қысқартуға бағытталған пилоттық жобаның іске қосылғаны айтылды. Жоба нәтижелі болған жағдайда бұл тәжірибе облыстың басқа аудан-қалаларында да қолданылатын болады.

Аймақ басшысы тұрғын үй мәселесі халық үшін ең маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі екенін атап өтті.

Мемлекет тарапынан тұрғын үй құрылысы мен қолжетімді баспана бағдарламалары жүзеге асырылуда. Дегенмен тұрғын үй кезегін қысқарту және азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты күшейту қажет. Бұл ретте негізгі көрсеткіш – салынған тұрғын үйлердің саны емес, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың нақты баспаналы болуы. Сондықтан барлық жауапты органдар осы бағыттағы жұмыстың тиімділігіне ерекше назар аударуы тиіс, – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі кеңес қорытындысы бойынша аудан және қала әкімдеріне тұрғын үй кезегіндегі түгіндеуден өтпеген азаматтармен жұмысты күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ «Отбасы банк» АҚ облыстық филиалына халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыруды, ал облыстық құрылыс басқармасына тұрғын үйлер құрылысының жоспарға сай ері сапалы орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды жүктеді. Тұрғын үй кезегін қысқарту және азаматтарды нақты баспанамен қамтамасыз ету жұмысының тиімділігіне ерекше назар аудару қажеттігін ескертті.



«АУЫЛ АМАНАТЫ»: 25 ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

«Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру аясында облыстың 10 ауданына қарасты 138 ауылдық округте скрининг жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті айқындалды. Нәтижесінде барлық ауылдық округтер 2025 жылғы несиелеу бағдарламасына енгізілді. Бұл туралы облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте айтылды.

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tañu»

Жиында «Ауыл аманаты» бағдарламасының орындалу барысы талқыланды. Аталған мәселе бойынша Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев баяндама жасады.

Басқарма басшысының мәліметінше, былтыр бағдарламаға 1 млрд теңге бөлініп, қаржы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, өндірістік кооперацияны дамыту және сүтті мал шаруашылығын қолдауға бағытталған. Қазіргі таңда Amanathesie.kz ақпараттық жүйесі арқылы жалпы сомасы 863,8 млн теңгеге 48 өтінім қабылданып, 534,4 млн теңгеге 25 жоба қаржыландырылды. Бағдарламаны тиімді іске асыру мақсатында облыс көлемінде тұрақты түрде жұмыс кеңестері өткізіліп, аудан әкімдіктерімен бірлескен түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, қайта өңдеу жобаларын дамыту және ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке тарту бағытындағы жұмыстар жанданды.

Бағдарлама аясында өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сүт, ет, көкөніс өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу жобаларына басымдық берілуде. Сонымен қатар биыл облысқа қосымша 4,5 млрд теңге бөлу жоспарланған. Алдағы уақытта ауылдық жерлерде сүт қабылдау пункттерін ашу, шағын өңдеу цехтарын іске қосу, көкөніс өсіру жобаларын кеңейту және қой шаруашылығын



дамыту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделуде. Бұл шаралар ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, өңір кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз етуге және өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы басқармасына, «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына және аудан әкімдеріне «Ауыл аманаты» жобасы бойынша бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін қамтамасыз етуді, 2026 жылға арналған жобалар пулын қалыптастырып, өтінімдерді уақтылы енгізуді, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту бағытындағы жұмысты жандандыруды тапсырды.

Абай облысында ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу, қызмет көрсету және басқа да бағыттарды дамытуға қажетті әлеует жеткілікті. Сондықтан біз үшін жобаны сапалы іске асыру, жеңілдетілген несиелердің мақсатты әрі тиімді игерілуін қамтамасыз ету, жаңа кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және тұрақты жұмыс орындарын құру ерекше маңызға ие. Біздің басты мақсатымыз – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, олардың тұрақты табыс көздерін қалыптастыру арқылы ауылдық елді мекендердің орнықты дамуын қамтамасыз ету, – деді Берік Уәли.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР: НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МӘНІ

Қазақстан қоғамы соңғы жылдары ауқымды саяси жаңғыру кезеңіне қадам басты. Бұл өзгерістердің негізінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту және қоғамның шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту мақсаты жатыр.

2022 жылғы республикалық референдум ел тарихындағы маңызды саяси оқиғалардың бірі болды. Азаматтардың басым бөлігі Конституцияға енгізілген өзгерістерді қолдап, мемлекетті дамытудың жаңа бағытын таңдады. Реформалар нәтижесінде Конституция баптарының үштен бір бөлігі жаңартылып, Қазақстанның саяси жүйесінде жаңа кезең басталды.

Бүгінде қоғамды толғандыратын басты сұрақ – осы реформалардың нақты нәтижесі қандай болады және олар қарапайым азаматтардың өміріне қалай әсер етеді?

ПРЕЗИДЕНТ ӨКІЛЕТТІГІНЕ ҚОЙЫЛҒАН ЖАҢА ТАЛАПТАР

Конституциялық реформалардың маңызды бөлігі мемлекет басшысының өкілеттігіне қатысты өзгерістер болды.

Президент енді жеті жылдық бір ғана мерзімге сайланады. Бұл норма биліктің ұзақ уақыт бойы шоғырлануына жол бермеуге бағытталған.

Сонымен бірге Президенттің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметтерде және квазимемлекеттік сектордың басшылық лауазымдарында жұмыс істеуіне шектеу қойылды.

Президенттің саяси партия мүшесі болуына қатысты талаптар да өзгерді. Мемлекет басшысы барлық азаматтардың мүддесін білдіретін тұлға ретінде партиялық қызметтен тыс болуы тиіс.

Бұл нормалар мемлекеттік басқарудағы әділдік пен ашықтық қағидаттарын нығайтуға бағытталған.

ПАРЛАМЕНТ ПЕН МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ АРТТЫ

Конституциялық реформалардың негізгі бағыттарының бірі – өкілді билік органдарының рөлін күшейту.

Мәжіліс депутаттарын сайлауда аралас жүйе енгізілді. Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізім бойынша, енді бір бөлігі бірмандатты округтерден сайланады.

Бұл өзгеріс халық пен депутат арасындағы байланысты күшейтіп, сайланған өкілдердің жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар депутатты кері шақырып алу институты енгізілді. Егер сайлаушылар депутаттың өз міндетін тиісінше орындамағанын дәлелдесе, оны мерзімінен бұрын кері шақыру мүмкіндігі қарастырылған. Жергілікті мәслихаттардың құзыреті де кеңейтілді. Өңірлік мәселелерді шешуде олардың ықпалы артып келеді.

ЖУРНАЛИСТІК САРАПТАМА

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ –
АЗАМАТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОСЫМША КЕПІЛІ

Реформалардың маңызды жаңалықтарының бірі – Конституциялық Соттың құрылуы.

Бұрын азаматтар Конституциялық Кеңеске тікелей жүгіне алмайтын болса, бүгінде әрбір қазақстандық өзінің конституциялық құқықтарын бұзылды деп есептесе, Конституциялық Сотқа өтініш бере алады.

Бұл құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтатын маңызды тетік болып саналады.

Конституциялық Сот заңдардың негізгі заң талаптарына сәйкестігін бағалап, азаматтардың құқықтарын қорғаудың қосымша кепіліне айналуда.

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы ғана емес, қоғамның даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Конституциясы бірнеше рет өзгеріске ұшырағанымен, 2022 жылғы реформалардың ерекшелігі олардың жалпы мемлекеттік басқару философиясын өзгертуге бағытталуында.

Бұрынғы суперпрезиденттік модельден біртіндеп «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген жүйеге көшу басталды.

Бұл өзгерістер билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге, жауапкершілікті бөлісуге және мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Саясаттанушылардың пікірінше, қазіргі реформалардың басты ерекшелігі, саяси жүйені жаңғыртумен қатар, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтуінде.

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ҚАҒИДАТЫ

Соңғы реформалардың идеологиялық негіздерінің бірі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы.

Бұл қағидат мемлекеттік органдардың халықпен тұрақты байланыс орнатуын көздейді.

Бүгінде азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі жетілдіріліп, қоғамдық кеңестердің қызметі кеңейтілді. Петициялар институты дамып келеді. Электронды үкімет пен цифрлық платформалар арқылы азаматтардың ұсыныстарын жинау тәжірибесі қалыптасуда.

Мемлекеттік органдардың есептілігі мен ашықтығына қойылатын талаптар күшейді.

Мұның бәрі билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған.

АУЫЛ ӨКІМДЕРІН САЙЛАУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

Конституциялық реформалардың маңызды нәтижелерінің бірі – жергілікті басқару жүйесіндегі өзгерістер.



Соңғы жылдары ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесі енгізілді. Бұл азаматтарға өз елді мекендерінің болашағына қатысты шешімдерге тікелей ықпал ету мүмкіндігін берді.

Жергілікті өзін-өзі басқару институттарының нығайтуы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді деген үміт бар. Өйткені тұрғындардың нақты қажеттіліктерін сол жердің халқы жақсы біледі.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМ

Конституциялық реформалардың түпкі мақсаты – әділетті қоғам қалыптастыру.

Әділетті қоғам дегеніміз – заң бәріне бірдей жұмыс істейтін, азаматтардың құқықтары қорғалатын, мемлекеттік шешімдер ашық қабылданатын қоғам.

Саяси реформалардың экономикалық маңызы да зор. Инвесторлар үшін құқық үстемдігі мен мемлекеттік институттардың тұрақтылығы маңызды көрсеткіштердің бірі саналады.

Сондықтан саяси жаңғыру экономикалық дамуға да оң ықпал етуі мүмкін.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ – ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

2026 жылғы 15 наурызда өткен референдумда халық қабылдаған жаңа Ата Заң 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Мемлекет пен қоғам дамуының жаңа кезеңін айқындайтын Негізгі заң азаматтардың құқықтық кепілдіктерін күшейтіп, заң үстемдігін нығайтудың берік іргетасы болмақ. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы болғандықтан, еліміздің әрбір азаматы үшін оның маңызы зор. Сондықтан әрбір азамат оның мазмұнын біліп, негізгі қағидаларын түсінуі қажет. Өйткені Конституцияны құрметтеу – құқықтық мемлекет құрудың және елдің тұрақты дамуының басты кепілі.

Мемлекеттік рәміздер күніне орай Астанадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсімінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституция – Қазақстанның алдағы ондаған жылдарға арналған басты заңы. Дәл осы Ата заң халқымызды әлемдік өркеніеттің жаңа белестеріне

бастайды. Технологиялық жетістіктер, саяси дүрбелеңдер, әскери қақтығыстар белең алып жатқан қазіргі дәуірде Негізгі заңымыздың жол нұсқаушы темирқазық ретіндегі маңызы еселене түседі. Еліміздің бас құжаты – Конституция 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Тамыз айында бір палаталы Құрылтай сайлауы өтеді, ал қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі құрылады. Осылайша, біз ауқымды өзгерістер кезеңіне аяқ басамыз,- деген еді.

Жаңа Конституцияда азаматтардың заң алдындағы теңдігі, сөз бостандығы, білім алу және еңбек ету құқықтары сияқты негізгі қағидалар кеңінен қамтылған. Сонымен қатар жаңа Ата Заңда билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін сақтау, мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін арттыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылған. Бұл өзгерістер азаматтардың мемлекет ісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Конституцияда әлеуметтік саясатқа да басымдық берілген. Мемлекет халықтың әл-ауқатын жақсарту, сапалы білім мен медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және жастардың қолдау бағытындағы міндеттерін нақтылай түскен.

Әрбір азамат жаңа Конституцияның талаптары мен қағидаларын білу арқылы елдің болашағын қалыптастыруға өз үлесін қоса алады.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Конституциялық өзгерістер аясында азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында адвокаттура мен омбудсмен институттарының мәртебесі де күшейтіледі.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі Конституцияда бекітілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін нормалар күшейтілді.

Қазақстанда елім жазасы толықтай жойылды. Бұл өзгерістер мемлекеттің басты құндылығы адам және оның құқықтары екенін тағы бір мәрте айқындады.

ҚОҒАМ НЕ КҮТЕДІ?

Кез келген реформаның табысы қағаздағы нормалармен емес, нақты нәтижелермен өлшенеді.

Бүгінде азаматтар реформалардың әсерін күнделікті өмірден көргісі келеді. Халық әділ сотты, ашық мемлекеттік басқаруды, жемқорлықтың азаюын, мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін күтеді.

Басты мақсат – заң үстемдігіне негізделген Әділетті Қазақстан құру. Ал реформалардың нақты нәтижесі мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысына, азаматтардың белсенділігіне және жаңа институттардың тиімді қызметіне байланысты болмақ.

Өйткені Конституциядағы әрбір өзгерістің түпкі мәні – азаматтың құқықтарын қорғау, оның мемлекет өміріндегі рөлін күшейту және елдің тұрақты дамуына жағдай жасау. Бұл – Әділетті Қазақстанның басты бағыты әрі болашаққа жасалған маңызды қадам.

Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ



Қазақстан Республикасының Конституциясында отбасы, ана, әке және баланы қорғау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ретінде айқындалған. Отбасылық құндылықтарды сақтау, ұлттық тәрбиені дәріптеу және гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында Ақсуат ауданында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда Ақсуат аудандық Аналар кеңесінің төрайымы, аудандық отбасы және гендерлік саясат жөніндегі комиссия мүшесі Жұмаш Мақанқызымен сұхбаттасқан едік.

БЕРІК ОТБАСЫ – ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



тында аудандық Аналар кеңесі мен жастар орталығы бірлесіп «Жас отбасы» мектебін құрды. Негізгі мақсатымыз – жас жұбайлардың жауапкершілігін арттыру, ажырасудың алдын алу және отбасылық құндылықтарды нығайту.

– Конституциядағы тең құқық қағидаты гендерлік саясатпен қалай үндеседі?

– Конституция барлық азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етеді. Гендерлік теңдік дегеніміз – әйел мен ер адамның қоғамдағы құқықтары мен мүмкіндіктерінің тең болуы. Бұл отбасылық құндылықтарға қайшы келмейді, керісінше, қоғамның үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Мемлекеттік отбасылық және гендерлік саясат аясында әйелдердің құқықтарын қорғау, жастарды жұмыспен қамту, отбасыларды әлеуметтік қолдау бағытында көптеген жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

– Ана мен баланы қорғау мәселесі ауданда қалай жүзеге асырылуда?

– Ана мен баланың денсаулығын сақтау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Ауданда бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл 100 жүкті әйел есепке қойылып, олардың ден-

саулығын тұрақты бақылауға алынды. Нәтижесінде дүниеге дені сау нәрестелер келді.

2025 жылы аудан бойынша туу көрсеткіші 10 мың адамға шаққанда 163 промиллені құрады. Бұл ауданның демографиялық ахуалының тұрақты екенін көрсетеді.

– Көп балалы аналарды қолдау бағытында қандай жұмыстар бар?

– Көп балалы аналарға мемлекет тарапынан барлық заңды әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Қазіргі таңда ауданда 478 «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері, 746 көп балалы ана мемлекеттік жәрдемақы алады. Сонымен қатар

117 отбасы атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған.

Соңғы бес жыл ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан осал санаттағы отбасыларға 234 тұрғын үй берілді. «Анаға құрмет – ұрпаққа міндет» тақырыбында кездесулер өткізіліп, ардақты аналар марапатталады.

– Ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қандай қолдау көрсетіледі?

– Ауданда ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталығы мен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Бұл мекемелер балалардың қоғамға бейімделуіне және сапалы қызмет алуына жағдай жасайды.

– Қазіргі қоғамдағы қазақ әйелінің рөлін қалай бағалайсыз?

– Қазақ әйелі әрқашан отбасының ұйытқысы болған. Бүгінде әйелдер білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік және мемлекеттік қызмет салаларында да үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Ауданымызда екі мәслихат депутаты мен бір ауылдық округ әкімі – әйел азаматтар. Бұл – әйелдердің қоғамдағы белсенділігінің айқын көрінісі.

– Әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту бағытында қандай нәтижелер бар?

– Ауданда кәсіпкер әйелдердің қатары артып келеді. «Іскер әйелдер» клубы белсенді жұмыс істейді. Клубтың ұйымдастыруымен өткен «Ізгі көктем» қайырымдылық балында жиналған қаржыдан үш ерекше балаға 600 мың теңгеден көмек көрсетілді. Сонымен қатар аукционнан түскен қаражаттың бір бөлігі шет елде ем алып жатқан балаға аударылды.

– Өңгімеміздің соңында оқырмандарға айтар тілегіңіз...

– Конституцияда айтылғандай отбасы құндылықтарын сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Ана – отбасының ғана емес, тұтас қоғамның алтын қазығы. Ұлттық тәрбие мен адамгершілік қағидаларын жас ұрпақтың бойына сіңіре алсақ, еліміздің болашағы да жарқын болады. Берекелі отбасы – қуатты Қазақстанның негізі.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлішер БЕКБОЛАТ,
«Semei tanu»



АҚСУАТ

ҮЗДІК АУЫЛҒА – ЖАҢА ТЕХНИКА

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс әкімі Берік Уәлиұлының бастамасымен ұйымдастырылған “Үздік ауыл” байқауында Құмкөл ауылдық округі жеңімпаздар қатарынан көрінген болатын. Озық шыққан ауылға жұлде ретінде “JINMA 904A” маркалы жаңа трактор тіркемесімен бірге тарту етілді.

Аудан әкімі Еркін Ескендіров аталған техниканы облыс басшысының атынан құмкөлдiктерге салтанатты түрде табыс еттi.

Құмкөл – халқы аудандағы әрбір игі іске атсалысып, белсенділік танытатын үлгілі ауылдық округтердің бірі.

Айта кетейік, байқаудың басты мақсаты - тұрғындардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

БЕСҚАРАҒАЙ

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСЫҢ

Мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық қорғау органдарына деген сенімін нығайту мақсатында аудандық полиция бөлімінде Ашық есік күні өтті.

Танымдық экскурсия барысында жасөспірімдер полицияның тыныс-тіршілігімен танысып, арнайы техникалар мен құрал-жабдықтарды өз көздерімен көрді. Оқушыларға құқық қорғау органдарының қызметі, көше мен интернеттегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, заңды сыйлаудың маңызы туралы бейнероликтер көрсетілді.

Аудандық полиция бөлімі мамандарының айтуынша, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың еркін дамуы үшін қауіпсіз орта қалыптастыру – басты міндет. Мұндай кездесулер балаларды заңды сыйлауға тәрбиелейді және болашақта саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

БОРОДУЛИХА

ЖЕЗКЕНТТЕ СЕНБІЛІК ӨТТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Жезкент кентінде кезекті сенбілік өтті.

Экологиялық шараға Бородулиха ауданының барлық ауылдық округтерінің, «Әділет» партиясының аудандық филиалының өкілдері, Жастар ресурстық орталығының белсенділері, сондай-ақ аудан әкімдігінің дербес бөлімдерінің қызметкерлері бір кісідей атсалысты.

Сенбілік барысында өзен жағалауы толықтай тазартылып, нәтижесінде 100-ден астам қап қоқыс жиналды. Сонымен қатар аумақтағы жабайы шөптер шабылып, көшелер мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылды. Жол жиектері, балалар ойын алаңдары мен спорт нысандары боялып, жаңартылды.

Қоршаған ортаға жанауыр жандардың арқасында кенттің санитарлық жағдайы айтарлықтай жақсарып, келбеті жақсара түсті.

ЖАҢАСЕМЕЙ

7 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Биыл Жаңасемей ауданында алғаш рет «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылмақ. Бағдарлама аясында жалпы құны 119,8 млн теңгені құрайтын 7 жоба қолға алынады. Атап айтқанда, сүт өнімдерін қайта өңдеу бағытында 87,4 млн теңгеге 4 жоба іске асырылады. Оның үшеуі – ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің, біреуі – дара кәсіпкерліктің жобасы. Сонымен қатар қымыз өндірісін дамытуға 21,6 млн теңгеге 2 жоба жоспарланған. Ал кір сабын өндірісін кеңейту үшін қажетті жабдықтар сатып алуға 10,8 млн теңге бөлінеді.

Жобаларды жүзеге асыру барысында 80 бас сиыр мен 28 бас жылқы сатып алу көзделген.

КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Жаңасемей ауданына санитарлық автокөлік табысталды. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған көлік шағалы ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмекті дер кезінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Жаңасемей аудандық ауруханасының құрамында Алғабас және Шүлбі дәрігерлік амбулаториялары, Ақбұлақ және Абыралы медициналық пункттері, Айнабұлақ медициналық-реабилитациялық бөлімшесі мен Абыралы ауруханасы қызмет көрсетеді. Аталған медициналық мекемелерде 9 дәрігер мен 33 орта буын медицина қызметкері еңбек етуде.

Сонымен қоса Жаңасемей ауданы аумағында аудандық аурухананың құрамына кірмеген, бірақ қалалық емханаларға қарасты бірнеше медициналық нысан жұмыс істейді.

Жалпы алғанда, Жаңасемей ауданында 14 мың 659 тұрғын медициналық қызметпен қамтылған.

ҮРЖАР

ЖАСТАР МЕНЕН КЕЗДЕСТІ

Абай облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Олжас Бейсенбаев Үржар ауданы жастарымен кездесті.

Жиынға ауданның белсенді жастары, Жастар ресурстық орталығының мамандары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері мен еріктілер қозғалысының белсенділері қатысты.

Кездесу барысында жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар, атап айтқанда «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен - ауылға» бағдарламалары, кәсіптік оқыту және гранттық қаржыландыру тетіктері, сондай-ақ «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты және жастарға көрсетілетін өзге де қолдау шаралары туралы ақпарат берілді.

«ST»-ақпарат

АБАЙ

АУЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУ БАС ТЫ НАЗАРДА

Абай ауданында Қарауыл ауылының сәулеттік келбетін жақсарту, әлеуметтік нысандарды жаңғырту бағытындағы жобалар жүйелі жүзеге асырылуда. Басты мақсат – әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту арқылы қолайлы ауыл ортасын қалыптастыру.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tahy»



Аудан әкімі Мейіржан Смағұлов ауылдағы құрылысы жүріп жатқан нысандарды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Аудан басшысы алдымен Арғынбеков атында-

ғы саябақты жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта саябақ аумағына тақтас төселіп жатыр. Мейіржан Серікбосынұлы мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, саябақтың алдағы дизайндық шешімдері мен көгалдандыру, абаттандыру шараларын жан-жақты талқылады.

Қазіргі таңда Қарауылдағы соғыс ардагерлеріне арналған саябақта да аудандық бюджет есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаға сәйкес, бұл аумақ кешенді түрде жаңғыртылып, ауыл тұрғындары мен қонақтары үшін заманауи әрі қолайлы мәдени-демалыс орнына айналатын болады.

Ауыл қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрақтылық та назардан тыс қалған жоқ. Аудан әкімі №17 өрт сөндіру бөлімінің ғимаратында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын көрді. Мекемеде шатырды толық ауыстыру, жылыту қазандығын жөндеу және өрт сөндіру техникаларына арналған гараж қақпаларын жаңарту жұмыстары қатар атқарылуда. Бұл шаралар бөлімнің материалдық-техникалық әлеуетін арттырып, төтенше жағдайлар кезіндегі қызмет

сапасын жақсартуға септігін тигізбек. Сондай-ақ ауылда мемлекеттің қолдауымен тұрғын үй қоры да ұлғайтылуда. Бүгінгі таңда Қарауылда екі пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Аудан басшысы бұл нысандардың да сапасына назар аударып, мердігерлерге тапсырмалар берді.

Ауылды көркейтуге бағытталған жобалардың бірі - «Үздік көше – 2025» байқауында жеңімпаз атанған Құтжанов көшесінде балалар ойын алаңын салу. Аудан әкімі осы көшеде салынатын ойын алаңының орнын көріп, жобаны жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Мейіржан Сиағұлов сонымен қатар Зере көшесінің бойында гүлзарларға арналған қоршауларды орнату жұмыстарын да көрді.

Сапар соңында аудан әкімі Аягөз қаласы бағытынан кіреберіс жол бойындағы мектеп түлектері тарту өткен жаңа демалыс орнында болды.

Мейіржан Серікбосынұлы тиісті сала басшыларына барлық жұмыстардың белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажеттігін ескертіп, нақты тапсырмалар жүктеді.

АҚСУАТ

ТАНА МЫРЗАҒА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Ақсуат ауданында ел ішінде Тана мырза деген атпен мәлім атақты мырза әрі би, елді өнер-білімге баулып, өз қаражатына мектеп, медреселер салдырған көрнекті тұлға Тана Тілемісұлының есімі қайта жаңғырды. Жақында Ақсуат ауданының орталығы Ақсуат ауылында Тана мырзаның еңселі ескерткіші ашылды.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tahy»

Ескерткіштің ашылу салтанатына аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлы, республиканың тұткір-түткірінен келген зиялы қауым өкілдері - тарихшы ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері және жергілікті тұрғындар қатысты.

Жиынның шымылдығын ашқан аудан басшысы Еркін Кәдірбекұлы жерлерінен осынау аққолтай оқиғамен құттықтап, Тана мырзаның қазақ тарихындағы қайраткерлік ролі мен елі үшін жасаған ғұбратты істеріне тоқталды. Әкім өз сөзінде тарихи тұлға ескерткішінің бой көтеріу елдіктің, рухани жаңғырудың белгісі екенін ерекше атап өтті.

Еңселі ескерткіш Көкен Тоқтаров бастаған баба ұрпақтарының қаржысына тұрғызылған. Тана мырзаның айбынды бейнесі бедерленген мүсіннің биіктігі тұғырымен қоса алғанда - 4,7 метр, ал салмағы - 25 тонна. Ескерткіштің авторы – танымал мүсінші Алтай Бейсенов.

Іс-шара барысында Ақсуат, Көкпекті аудандарының ақсақалдары, ел ағалары сөз алып, жүрекжарды лебіздерін білдіріп, ұрпақтар сабақтасығының үзілмегеніне ризашылықтарын жеткізді.

Ескерткіштің шымылдығы түсірілгеннен кейін, Ақсуат Мәдениет үйінде «Алашқа тұлға болған Тана мырза» тақырыбында тарихи-танымдық конференция өтті.

Тарихи-танымдық конференциядан соң, Тана мырза Тілемісұлының рухына арналып ас беріліп, Құран хатын түсірілді.

Айтулы шара аясында «Алашқа тұлға болған Тана мырза» тақырыбындағы республикалық жыр мүшәйрасы өтті. Жыр додасына еліміздің әр өңірінен ақындар қатысып, өз шығармаларын ұсынды.

Ақтық мәреде қазылар алқасы бас жүлдені (800 мың теңге) Алматы облысынан келген Мағиза Құнапияқызының қанжығасына байлады. Бірінші орынды да (550 мың теңге) Алматы облысының ақыны Айтқан Жетегбаев иеленсе, екінші орын (450 мың теңге) Аягөз ауданынан қатысқан сөз шебері Біржан Ахмерге бұйырды. Ал үшінші орынды (300 мың теңгеден) павлодарлық Серік Елікбай мен



Түркістан облысы Түлкібас ауданынан келген Сәзім Мөргенбай өзара бөлісті. Сонымен қатар бес ақын сайыстың арнайы жүлдесіне (180 мың теңгеден) ие болды.

Ескерткіштің ашылуына орай ұйымдастырылған «Алашқа тұлға болған Тана мырза» атты мәдени іс-шаралар Ақсуат ауылының орталық алаңында қасқадер, өнер зерттеушісі, шығыс жекпе-жегінің шебері, рекордс-

мен Жамали Диханұлының шоу-қойылымымен және өнер жұлдыздарының қатысуымен өткен гала-концертпен қорытындыланды.

Ақсуат төрінде өткен бұл айтулы шара тек өткенді еске алу ғана емес, ұлттық кодты жаңғыртудың, елдік санын бекітудің жарқын үлгісі болды. Тана мырза Тілемісұлының еңселі бейнесі ендігі жерде өскелең ұрпаққа отаншылдық пен парасаттылықтың символы ретінде қызмет ете бермек.

Өткенін ұмытпаған, ұлыларын ұлықтаған елдің болашағы жарқын болары анық.

Мінберге шыққан баяндамашылар Тана мырзаның ел басқарудағы қоғамдық-саяси ерік-жігеріне, тұлғалық қасиеттеріне терең талдау жасады. Әсіресе орыс саяхатшылары қалдырған Тана мырза туралы деректер көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Орыс зерттеушілері өз жолжазбаларында Тана Тілемісұлын өңірдегі ықпалы зор, дипломатиялық қабілеті жоғары, өнер мен білімнің дамуына үлкен мән берген тұлға ретінде сипаттаған.

Ескерткіштің ашылуына орай ұйымдастырылған «Алашқа тұлға болған Тана мырза» атты мәдени іс-шаралар Ақсуат ауылының орталық алаңында қасқадер, өнер зерттеушісі, шығыс жекпе-жегінің шебері, рекордсмен Жамали Диханұлының шоу-концертімен және өнер жұлдыздарының қатысуымен өткен гала-концертпен қорытындыланды.

Ақсуат төрінде өткен бұл айтулы шара тек өткенді еске алу ғана емес, ұлттық кодты жаңғыртудың, елдік санын бекітудің жарқын үлгісі болды. Тана мырза Тілемісұлының еңселі бейнесі ендігі жерде өскелең ұрпаққа отаншылдық пен парасаттылықтың символы ретінде қызмет ете бермек.

Өткенін ұмытпаған, ұлыларын ұлықтаған елдің болашағы жарқын болары анық.

лық және техникалық жобалары көпшілік назарына ұсынылды.

Қонақтар заманауи шығармашылық кеңістіктің материалдық-техникалық базасымен танысып, балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламалары мен жаңа мүмкіндіктер жайлы жан-жақты ақпарат алды. Шара барысында оқушылар өздерінің жетістіктерін көрсетіп, түрлі бағыттар бойынша шеберлік сағаттарын өткізді.

Осындай заманауи қосымша білім беру орталығын жабдықтауға «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қолдау көрсетті. Қордың көмегімен балалардың техникалық шығармашылығын дамытуға, инженерлік ойлау қабілетін қалыптастыруға және кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіруге қолайлы жағдай жасалып отыр.

Мұндай игі бастамалар өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, заманауи технологияларды меңгеруіне және болашақта бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына зор мүмкіндік береді.

Өз тілшіміз

БОРОДУЛИХА

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАҚЫЛАУДА

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпті жағдайлардан қорғау - мемлекеттің басым міндеті. Әсіресе жазғы демалыс уақытында лагерлер мен сауықтыру орталықтарындағы қауіпсіздік шараларын күшейту, өрт оқиғалары мен күтпеген төтенше жағдайлардың алдын алу аса маңызды.

Осы мақсатта Бородулиха ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жазғы маусымда қауіпсіздікті қарында күшейту үшін түрлі іс-шаралар өткізуде. Жуырда бөлім қызметкерлерінің кезекті отырысы өтті.

Маңызды жиынға «Әділет» партиясы аудандық филиалының өкілдері, аудандық білім бөлімінің мамандары, көмелетке толмағандар ісі жөніндегі уәкілдер инспекторлар, сондай-ақ аудандағы «Dos Bol Like» және «Солнечный» балалар сауықтыру лагерлерінің басшылары қатысты.

Басқосу барысында балалардың жазғы демалыс орындарының қызметін лицензиялауға қойылатын заңнамалық талаптар егжей-тегжейлі түсіндірілді. Сондай-ақ демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соның ішінде лагер аумағында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары кез келген қауіпкердің алдын алу үшін техникалық және өртке қарсы дайындықтың жоғары деңгейде болуы шарт екенін ескертті. Лагерлердің басшылары эвакуациялық жолдардың ашықтығын, алғашқы өрт сөндіру құралдарының дайындығы мен дабыл жүйелерінің мүлтіксіз жұмыс істеуі бақылауда ұстауы тиіс.



Сонымен қатар көмелетке толмағандар ісі жөніндегі уәкілдер инспекторлар мен білім бөлімінің өкілдері балалар лагері аумағында ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы, оқушылар үшін психологиялық жайлылықты қалыптастыру мәселелерін және түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын кеңінен талқылады.

Жиын соңында құзырлы орган өкілдері мен лагер басшылары балалардың демалысын жоғары деңгейде ұйымдастыру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлық тарапқа ортақ жауапкершілік екенін атап өтіп, бірлесе жұмыс істеуге уағдаласты.

Ш.ДОСКЕЕВА



ЖАҢАСЕМЕЙ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Жаңасемей ауданында халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған инфрақұрылымдық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бүгінде бірқатар ауылдарда ауыз су жүйелерін жаңғырту, көшелерді жарықтандыру және жолдарды жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Приречный ауылында су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Жоба аясында жалпы ұзындығы 7,5 шақырым болатын су құбырын ауыстыру және кеңейту жоспарланған. Қазіргі таңда 4 шақырымға жуық желі тартылып үлгерді.

Жаңасемей ауданының әкімі Нұржан Өбдікәрімов құрылыс нысанына арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Аудан басшысы мердігер ұйым өкілдеріне жұмыстың сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Жоба аяқталғаннан кейін ауыл тұрғындары сапалы ауыз



сумен толық қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Ал Гранитный ауылында көше жарығын жа-

нарту жұмыстары толық аяқталды. Жоба аясында ауыл көшелеріне 40 жаңа жарық шамы орнатылып, жарықтандыру жүйесі толық жаңғыртылды. Бұдан бөлек, тозығы жеткен электр бағалары ауыстырылып, электр желілерінің қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Бұл жұмыстар көшелердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Озерки ауылдық округіне қарасты Қаракөл ауылына кіреберіс жолда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ауылға кіреберістегі 8 шақырым жол учаскесінде құм төсеу және жолды тегістеу жұмыстары атқарылуда. Жөндеу жұмыстары жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындардың қатынасын жеңілдетуге бағытталған.

Жалпы, аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға және елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін бермек.



МАҚАНШЫ

ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Мақаншы ауданындағы Қаратал ауылында ауылдық елді мекендердегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында өрікті өртке қарсы құралым ашылды.

Жаңа өрт сөндіру бекеті Қаратал, Бекет және Бұғыбай ауылдарындағы 1600-ден астам тұрғынның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады.

Нысан Қаратал ауылы әкімдігінің, жергілікті кәсіпкерлердің және «Аманжол» шаруа қожалығының қолдауымен салынған. Пайдалануға берілген өрт сөндіру бекетінде диспетчерлік қызмет, санитарлық-тұрмыстық бөлмелер және жеке құрамға арналған демалыс бөлмесі бар. Сонымен қатар нысан өрт сөндіру техникасына арналған орын қарастырылған. Бекет өрт-техникалық жабдықтармен, автотрактормен, арнайы жауынгерлік киіммен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Алақөл жағалауында демалушылар санының артуына байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары күшейтілді. Тәртіп сақшылары азаматтардың жайлы демалысы үшін тәулік бойы кезекшілік етуде.

Жағажайдағы қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полицияның бірнеше арнайы бөлімшесі жұмылдырылған. Туристік полиция қызметкерлері демалушыларға бағыт-бағдар беріп, шетелдік қонақтарға қажетті көмек көрсетсе, атты полиция жасағы көлік қатынасы шектәулі уәкелер мен жағалау аумағын аралап, патрульдік қызмет атқарауда. Ал көпшілік орындарда қауіпсіздікті кинологиялық қызмет мамандары қызметтік итермен бірге қадағалайды.

Кез келген төтенше жағдай туындаған сәтте жедел әрекет ету топтары көмекке келуге дайын.

ЖАРМА

КЕЗДЕСУ МАҚСАТЫ – КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Жарма ауданының Қалбатау ауылындағы Жастар ресурстық орталығында аудан тұрғындарымен кездесу өтті. Кездесуде кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері түсіндірілді.

Іс-шараға Абай облысының Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының бас маманы Азамат Серіков, екінші деңгейлі банктердің өкілдері, Жарма ауданының Мансап орталығы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мамандары қатысты.

Жиында қатысушыларға кәсіпкерлікті қолдау шаралары, қайтарымсыз гранттар, бизнес ашуға және дамытуға арналған банктік несиелер туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайыздық жеңілдігімен несиелер алу шарттары мен «Бір ауыл – бір өнім» жобасының мүмкіндіктері түсіндірілді.

«ЗАҢ КЕРУЕНІ» ЖАРМАДА

Абай облысының ішкі саясат басқармасы жүзеге асырып отырған «Заң керуені» жобасы аясында ақпараттық-түсіндіру тобы Жарма ауданында болып, Шар қаласы мен Қалбатау ауылында тұрғындармен кездесті.

Кездесулерге құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелер мен салалық қызметтердің өкілдері қатысып, азаматтарға заңнамадағы өзгерістерді түсіндірді.

Аудан тұрғындары өздерін толғандыруға сауалдарын қойып, заңнама, әлеуметтік қолдау және өзге де мәселелер бойынша мамандардан нақты жауаптар мен құқықтық кеңестер алды.

Жобаның негізгі мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, тұрғындарға қолжетімді құқықтық көмек көрсету және азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

КӨКПЕКТІ

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімінің орынбасары Азамат Мәкенов бастаған жұмыс тобы Шұғылбай, Теректі және Ұлы Отан соғысының Батыры Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округтерде болып, сауда нысандарына мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында әлеуметтік маңызы бар 31 азық-түлік тауары тексеріліп, қолданыстағы талаптарға сәйкестігі қаралды. Баға көрсеткіштерінің дұрыс орналастырылуы, сауда орындарындағы санитарлық талаптардың сақталуы және өрт қауіпсіздігі жағдайы зерделенді.

Мониторинг нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кәсіпкерлік нысандарының иелеріне ұсыныстарды қысқа мерзімде жою жөнінде нақты ұсыныстар берілді.

Халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ сауда орындарында қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау шаралары алдағы уақытта да жалғасады.

ТӨРТІП САҚШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ

Көкпекті аудандық Мәдениет үйінде Полиция қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Іс-шараға аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев қатысып, құқық қорғау саласының қызметкерлері мен ішкі істер органдарының ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Іс-шара барысында аудан басшысы қоғамдық тәртіп пен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі төртіп сақшыларының еңбегін атап өтіп, бірқатар қызметкерлерге марапаттар тапсырды.

Мерекелік жиында аудандық полиция бөлімінің бастығы Айдын Кабитаев пен полиция саласының ардагері Жанат Акимеев құттықтау сөз сөйлеп, сала қызметкерлеріне ізгі тілектерін білдірді.

Салтанатты жиын аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

«СТ»-ақпарат



8 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жаңа баспана – әрбір отбасының ең үлкен арманы. Халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту және баспанаға мұқтаж азаматтарды қолдау бағытында Жаңасемей ауданында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде жуырда тұрғын үй кезегінде тұрған сегіз отбасы баспана кілтіне ие болды.

Д.ЖАҚЫП,
«Semei tanu»

Жаңа баспаналар Шақаман, Мұқыр, Озерки, Приречный ауылдары мен Шүлбі кентінің тұрғындарына «Отбасы банк» АҚ арқылы табысталды.

Берілген баспаналардың үшеуі – екі бөлмелі, біреуі – үш бөлмелі және төртеуі – төрт бөлмелі пәтерлер. Барлық тұрғын үйлер заманауи талаптарға сай салынып, қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, пәтерлер орталықтандырылған ауыз су жүйесіне, электр желісіне және көріз жүйесіне қосылған. Сонымен қатар тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында жылыту жүйесі де заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастырылған.

Тұрғындарды баспанаман қамтамасыз ету аудан әкімдігі назарында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып қала береді. 31 мамырдағы жағдай бойынша Жаңасемей ауданында тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінде 458 адам тіркелген.

Осы орайда алдағы кезеңде де тұрғын үй құрылысы жалғасын таппақ. Жалпы, биыл екі пәтерлі 10 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде баспана кезегінде тұрған азаматтардың санын азайтып, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

КӨКПЕКТІ

ТҮЛЕКТЕРДІҢ ТУҒАН АУЫЛДАРЫНА ТАРТУУЫ

Көкпекті ауданына қарасты Үлгімалшы ауылында тағылымы мол игі шара өтті. Ауылдағы мектепті 2006 жылы бітірген түлектер Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынып, елімізде кең қанат жайған «Таза Қазақстан» жалпыхалық экологиялық акциясына қолдау білдіріп, туған жерді абаттандыруға өз үлестерін қосты. Алтын ұя мектептерінен қанат қағып ұшқандарына биыл 20 жыл толған сыныптастар туған жерлерінде бас қосып, ауылдарына үлкен тарту жасады.

Жерлестерінің игілігі мен демалысы үшін жаңа демалыс орнын өз қаражаттарына салған түлектер бұл нысанда ауыл жұртшылығына табыс етті. Жаңадан ашылған нысан алдағы уақытта ауыл балаларының алаңсыз ойнайтын, үлкендердің бас қосып, тынығатын жайлы демалыс орнына айналады деген сенімдеміз.

Салтанатты шараға жиналған ауыл ақсақалдары мен тұрғындар жастардың «Таза Қазақстан» идеясымен ұштасқан бұл қадамына дән риза болып, ақ баталарын берді.

Бұл игі іс тек бір реттік шарамен шектеліп қалмақ емес. 2006 жылғы түлектер туған ауылдарын көркейтуге бағытталған бұл шара жалғасын тапсын деген ниетпен арнайы эстафетаны 2007 жылы мектеп бітірген жерлестеріне табыс етті.



Осылайша, ауыл тумалары туған жер алдындағы перзенттік парыз бен табиғатқа жанашырлықтың үлгісін көрсетті.

Жалпы, ауданда әр жылдары мектеп бітірген түлектердің өз ауылдарының, алтын ұя мектептерінің көркейіп, көріктенуіне үлес қосуы дәстүрге айналған. Биыл да осы дәстүр жалғасын тапты.

Туып-өскен ауылдарын, алтын ұя мектептерін естен шығармай, өз елінің патриоты екенін іспен дәлелдеп, абаттандыру шараларына атсалысқан мектеп түлектеріне айтар алғысы зор. Тұрғындарының бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан ауылдағы мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.

«СТ»-ақпарат

ҮРЖАР

ЖАСӨСПІРІМДЕР БОЗ КІЛЕМДЕ БЕЛДЕСТІ

Үржар ауданында грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында Ұлы Отан соғысының ардагері, даңқты партизан Мешітбай Хасенұлы Хасеновті еске алуға арналған республикалық турнир өтті.

Дестүрлі сайысқа Ақтөбе, Жетісу, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарынан, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларынан келген 200-ге жуық жас балуан қатысты. Екі күнге созылған турнирде спортшылар тартысты белдесулер өткізіп, шеберліктерін сыңға салды.

Турнир барысында жас палуандар техникалық шеберлігімен, табандылығымен ерекшеленді. Әр салмақта өткен белдесулер көрермендерге ерекше әсер сыйлап, жарыстың тартымдылығын арттыра түсті.

Мұндай сайыстардың маңызы зор. Спорттық додалар жасөспірімдердің дене шынықтырумен тұрақты айналысуына ықпал етіп қана қоймай, олардың бойында патриоттық рух, ел тарихына деген құрмет және Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырады. Батыр балаларының ерлігі мен өмір жолын үлгі ету жастарды тәуелсіздіктің қадірін терең түсінуге, ел болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Ел басына күн туған сұрапай соғыс жылдарында Отан үшін өткізіп, ерліктің үлгісін көрсеткен Мешітбай Хасеновтің есімі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Калинин атындағы партизан отряды мен Киров атындағы партизан бригадасын басқарып, жауға қарсы шайқастарда ерекше батылдығымен танылған майдангер ерлігі үшін Октябрь революциясы орденімен, Қызыл Жұлдыз орденімен және «Отан соғысының партизаны» I дәрежелі медалімен марапатталған. Батырдың өнегелі өмір жолын ұлықтау, ерлігін жас ұрпаққа насихаттау – аға буының маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл турнир майдангер рухына тағзым етіп қана қоймай, жас ұрпақты отан-сүйгіштікке баулитын рухани-спорттық шара ретінде есте қалды.

Өз тілшіміз



ӘЛЕУМЕТТІК САЛА – АДАМ ҮШІН, АДАММЕН БІРГЕ!



Абай облысында халықты жұмыспен қамту, табысын арттыру және әлеуметтік қолдау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Өңірде жаңа жұмыс орындарын ашу, жастарды еңбекке бейімдеу, кәсіпкерлікті қолдау, қоныс аударушыларға жағдай жасау және әлеуметтік осал топтарды жұмыспен қамту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.
Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек газетіміздің тілшісіне берген сұхбатында өңірдегі негізгі көрсеткіштер мен жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы айтты.

Айман НҰРЛЫБЕК:

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

– Өңірімізде жұмыспен қамту бағытында биыл қандай негізгі жобалар жүзеге асырылып жатыр?

– Жұмыссыздық – қазіргі қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі. Ол тек адамның табыссыз қалуына ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының дамуына, халықтың тұрмыс деңгейіне және әлеуметтік тұрақтылыққа да әсер етеді. Жұмыссыздықтың туындауына экономикалық дағдарыстар, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі, өндірістің қысқаруы, сондай-ақ технологияның дамуы секілді түрлі факторлар себеп болады. Сондықтан бұл мәселені зерттеу және оның шешу жолдарын қарастыру бүгінгі күні аса маңызды.

Биыл облыста 13 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуды көздейтін Өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. Бұл бағыттағы жұмыстар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, жаңа кәсіпорындар ашу, бос жұмыс орындарына орналастыру, мемлекеттік субсидияланатын бағдарламалар және қайтарымсыз гранттар беру арқылы жүргізілуде.

Бүгінде «Жастар тәжірибесі», қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары және «Күміс жас» жобасы секілді бағдарламалар арқылы жұмыссыз азаматтарды еңбекке тарту шаралары жалғасуда.

2026 жылғы 17 маусымдағы мәлімет бойынша, облыста 6 742 адам жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 4 076 адам тұрақты жұмысқа орналасса, 2 666 адам уақытша жұмыс орындарына жіберілді. Бұл жылдық жоспардың 50,6 пайызына тең. Сондай-ақ Мемлекет басшысының «Әрбір 10 мың тұрғынға – 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы аясында жаңадан ашылған кәсіпорындарға 1 425 адам жұмысқа орналастырылды.

Жұмысқа орналасу – бір күнмен немесе бір сәтпен шектелетін мәселе емес. Бұл – адам өмірімен қатар жүретін, заман талабына сай үнемі өзгеріп отыратын маңызды мәселе. Қоғам дамыған сайын еңбек нарығындағы талаптар да жаңарып, әр адам өз орнын табуға ұмтылады. Сондықтан жұмысқа орналасу тек табыс көзі ғана емес, адамның болашағы мен өмір сапасына әсер ететін маңызды мәселе болып саналады.

– Қазіргі таңда өңірдегі жұмыссыздық деңгейі қандай?

– Өңірдегі жұмыссыздық деңгейі – халықтың әлеуметтік жағдайы мен аймақ экономикасының дамуын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Әр өңірдегі еңбек нарығының жағдайы түрлі факторларға байланысты өзгеріп отырады. Халық санының өсуі, өндіріс орындарының азаюы немесе мамандарға деген сұраныстың өзгеруі жұмыссыздық деңгейіне тікелей әсер етеді. Сондықтан өңірдегі жұмыссыздық мәселесін талдау оның себептері мен шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құрады. Бұл жоспарланған көрсеткіштен төмен. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайыз болып отыр. Дегенмен шалғай ауылдарда жұмыс тапшылығы әлі де өзекті мәселе болып қалып отыр. Сондықтан ауылдық жерлерде жаңа өндіріс орындарын ашу мен инфрақұрылымдық жобаларды көбейтуге басымдық берілуде.

– 2029 жылға дейінгі халықтың кірісін арттыру бағдарламасын жүзеге асыру барысында қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

– Халықтың әл-ауқатын арттыру және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан 2029 жылға дейінгі халықтың кірісін арттыру бағдарламасы елдегі жұмыспен қамту деңгейін көтеруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және азаматтардың табысын көбейтуге бағытталған. Бағдарлама аясында кәсіпкерлікті қолдау, кәсіби оқыту, әлеуметтік көмек көрсету және еңбек нарығын дамыту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл шаралар халықтың экономикалық белсенділігін арттырып, өңірлердің тұрақты дамуына оң әсерін тигізуде.

Бағдарлама аясында жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіп бастауға гранттар беру және әлеуметтік қолдау көрсету шаралары жүзеге асырылып келеді. 2022 жылдан бері облыста жұмыспен қамту карталары арқылы 104 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтар-



ға 1 145 қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыста жұмыссыздық деңгейі 5 пайыздан 4,7 пайызға дейін төмендеді. Сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны да айтарлықтай азайды. Егер 2022 жылы мұндай көмек 33 мыңнан астам адамға берілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 10 мың адамға дейін төмендеген.

– Жастарды жұмыспен қамту бойынша қандай бағдарламалар іске асырылып жатыр?

– Жастарды жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Бүгінде жас мамандардың еңбек нарығына бейімделуі мен тұрақты жұмыс табуына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағытта түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып, жастарға тәжірибе жинақтауға, кәсіп меңгеруге және тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік жасалуда. Мұндай бастамалар жастардың кәсіби дамуына жол ашып қана қоймай, ел экономикасының дамуына да оң ықпал етеді.

«Жастар тәжірибесі» – еңбек нарығына енді қадам басқан жас мамандар үшін өте тиімді бағдарлама. Жоба түлектерге алғашқы кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі және оқу бітіргеніне бес жылдан аспаған жастар қатыса алады. Тәжірибе мерзімі 12 айға дейін. Осы бағдарлама бойынша жұмысқа тұрған жастарға ай сайын 129 750 теңге көлемінде жалақы төленеді. Биыл облыс бойынша бағдарлама аясында 705 адамды жұмысқа қолдау жоспарланған. Биылғы жылдың алғашқы бес айында 103 жас жұмысқа орналасты. Сонымен қатар 55 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 294 жас қоғамдық жұмыстарға, 1040 адам бос жұмыс орындарына жіберілді. Ал «Бастау бизнес» жобасы бойынша 54 жас кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды сәтті аяқтағаны туралы сертификат алды.

– Көші-қон саясаты бойынша облысқа қоныс аударушылар саны артты ма?

– Көші-қон саясаты – елдің демографиялық дамуына, еңбек нарығына және әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Халықтың бір өңірден екінші өңірге қоныс аударуы жұмыс күші тапшылығын азайтып, аймақтардың теңгерімді дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан мемлекет тарапынан көші-қон үдерісін реттеу, азаматтарды қолдау және тиімді қоныстандыру бойынша түрлі бағдарламалар мен шаралар жүзеге асырылуда. Бұл саясат халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, елдің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Абай облысы құрылғаннан бері өңір-

ге 832 отбасы, немесе 2 346 адам көшіп келді. Оның ішінде қандастар да, өзге өңірлерден қоныс аударушылар да бар. Мемлекет тарапынан көшуге, тұрғын үй жалдауға және баспана сатып алуға арналған субсидиялар қарастырылған. Биыл экономикалық мобильділік сертификатының көлемі 7 миллион теңгеден асты. Соның арқасында өңірге көшіп келуге ниетті азаматтардың саны көбейді. Қазіргі таңда 135 отбасы (422 адам) мемлекеттік квотаға енгізілді.

– Әлеуметтік осал топтарды жұмыспен қамту бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Әлеуметтік осал топтарды жұмыспен қамту – қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуде маңызды факторлардың бірі. Халықтың бұл санатына көп балалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, жұмыссыз азаматтар және әлеуметтік қолдауды қажет ететін өзге де топтар жатады. Оларды тұрақты жұмыспен қамту мақсатында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар мен қолдау шаралары жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, әлеуметтік қолдау шараларына тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекеттік қолдау шараларына жұмыссыз ретінде тіркелген көз келген азамат қатыса алады. Оның ішінде ерекше қажеттілігі бар азаматтарға баса көңіл бөлінеді. Мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы әлеуметтік жұмыс орындары қарастырылған. Жұмыс берушілерге жұмыс орнын бейімдеуге кеткен шығындарды өтеу үшін бір жолғы субсидия беріледі. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз гранттар ұсынылады. Облыс құрылғаннан бері осындай 1 145 грант берілді. Ал биыл тағы 205 грант беру жоспарланып отыр. 1-ші лек бойынша өтінімдер биылғы жылдың 24 маусымынан 8 шілдесіне дейін қабылданады.

– Өңірдегі кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі қалай бақыланады?

– Өндіріс орындарындағы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайына қамтамасыз ету жұмыс берушілер мен жауапты мекемелердің басты міндеті саналады. Осыған байланысты өңірдегі кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін сақталуын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттардың алдын алу және жұмысшылардың құқықтарын қорғау мақсатында тұрақты бақылау жүргізіледі. Арнайы тексерулер ұйымдастырылып, қауіпсіздік талаптарының орындалуы қадағаланады.

Еңбек қауіпсіздігі мәселесі облыс

әкімдігі жанындағы арнайы комиссияның бақылауында. Комиссия отырыстарында өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары, еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуы және санитарлық нормалардың орындалуы тұрақты қаралады. Биыл 14 комиссия отырысы өтті. Қазіргі таңда кәсіпорындарда «нөлдік жарақат» қағидатын енгізуге қатысты жұмыстар жүргізілуде.

– Кадр даярлаудың жаңа моделінің ерекшелігі неде?

– Қазіргі еңбек нарығының талаптары күн сайын өзгеріп, жаңа мамандықтар мен дағдыларға сұраныс артып келеді. Осыған байланысты кадр даярлау жүйесін заман талабына сай жетілдіру маңызды міндеттердің біріне айналды. Жаңа модельдің басты ерекшелігі – білім беру мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, мамандарды нақты еңбек нарығына бейімдеп даярлауында. Бұл жүйе теория мен тәжірибені ұштастырып, білікті әрі бәсекеге қабілетті кадр қалыптастыруға бағытталған.

Жаңа модель еңбек нарығындағы нақты сұранысқа негізделген. Яғни мамандар жұмыс берушілердің сұранысына сай даярланады.

Оқыту екі бағытта – білім беру ұйымдары базасында және тікелей жұмыс орнында жүргізіледі.

Сонымен қатар шалғай ауыл тұрғындары үшін жылжымалы оқу орталықтары жұмыс істейді. Биыл 280 адамды көсіптік оқытуға жіберу жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде 162 адам оқуға жолданған. Оның ішінде жұмыс берушінің жұмыс орнында 20 адам, жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде оқу ұйымдарына 142 адам қолданды. Оқыту тракторшы-машинист, аспаз, есепші, кондитер, тігінші секілді сұранысқа ие мамандықтар бойынша жүргізілуде.

– Қазір облыста қандай мамандықтарға сұраныс жоғары?

– Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар қатары жыл сайын өзгереді. Технологияның дамуы, өндіріс пен қызмет көрсету саласының жаңаруы жаңа кәсіптерге қажеттілікті арттырды. Әсіресе білікті мамандарға деген сұраныс экономика мен қоғамның дамуына тікелей байланысты. Сондықтан бүгінгі күні қай мамандықтардың өзекті екенін анықтау жастар үшін де, жұмыс іздеушілер үшін де маңызды мәселеге айналып отыр.

Электрондық еңбек биржасында бүгінде 2 500-ден астам бос жұмыс орны жарияланған. Өнеркәсіп және өндіріс, құрылыс, сауда және қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау салаларына қажетті мамандарға сұраныс жоғары екені байқалады. Сұраныстың басым бөлігі техникалық және арнайы орта білімді ма-

мандарға тиесілі.

– Жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау курстары қаншалықты тиімді?

– Жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау курстары – еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделудің тиімді тетіктерінің бірі. Қазіргі таңда көптеген мамандықтарға қойылатын талаптар жаңарып, жаңа дағдыларды меңгеру қажеттілігі артып келеді. Қайта даярлау курстары азаматтарға жаңа кәсіп игеруге, біліктілігін арттыруға және тұрақты жұмыс табуға мүмкіндік береді. Мұндай курстар еңбек нарығында сұранысқа сай мамандар даярлап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламалары жақсы нәтиже беріп отыр. Өткен жылы 343 адам оқуға жіберіліп, оның 309-ы курсты аяқтады. Соның ішінде 220 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Курстар дөңкерлеуші, аспаз, тракторшы, бухгалтер, кран машинисті секілді мамандықтар бойынша ұйымдастырылды. Оқу кезінде қатысушыларға шәкіртақы төленіп, жол жүру мен тұрғын үй жалдауға қаржылай қолдау көрсетіледі.

– Ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс орындарын ашуға арналған қандай жобалар бар?

– Ауылдық жерлерде халықты тұрақты жұмыспен қамту – өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде ауыл тұрғындарының табысын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар кәсіпкерлікті дамытуға, ауыл шаруашылығын қолдауға және шағын бизнесті жандандыруға бағытталған. Нәтижесінде ауыл халқының еңбек ету мүмкіндігі кеңейіп, тұрмыс сапасын жақсартуға жол ашылуда.

Биыл облыста 139 инфрақұрылымдық жоба аясында 1 151 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның ішінде 106 жоба ауылдық елді мекендерде жүзеге асырылады. Бұл жобалар аясында 688 жаңа жұмыс орны құрылмақ. Қазіргі таңда ауылдық елді мекендерде 36 жоба жүзеге асырылып, 366 адам жұмысқа орналасы.

– Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына мониторинг қалай жүргізіледі?

– Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Сондықтан қабылданған жобалар мен бастамалардың орындалуы барысын тұрақты бақылауда ұстау аса маңызды. Осы мақсатта бағдарламалардың нәтижелілігін бағалау, бөлінген қаражаттың игерілуін қадағалау және жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын тексеру бойынша жүйелі мониторинг жүргізіледі. Мониторинг бағдарламалардың сапалы әрі тиімді орындалуына мүмкіндік береді. Барлық жұмыстар ақпараттық жүйелер арқылы бақыланады. Әр аудан мен қала бойынша нақты индикаторлар бекітілген. 2025 жылы мониторингке 2 320 жұмыс беруші тартылды. Мониторинг нәтижесінде шарт талаптарын бұзған жағдайлар анықталды. Заң бұзушылықтар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, 1,6 млрд теңгеден астам қаражат бюджетке қайтарылды.

Облыс көлемінде халықты жұмыспен қамту бағытындағы шаралар жүйелі жүргізіліп келеді. Жаңа жұмыс орындарын ашу, жастар мен әлеуметтік осал топтарды қолдау, кәсіптік оқытуды дамыту және еңбек нарығына бейім мамандар даярлау – өңірдегі әлеуметтік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуы тұрғындардың табысын арттырып қана қоймай, облыстың экономикалық тұрақтылығына да оң әсерін тигізіп отыр.

Халықты жұмыспен қамту, еңбек нарығын дамыту және әлеуметтік қолдау көрсету – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде жастарды жұмыспен қамту, қайта даярлау курстарын ұйымдастыру, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Сонымен қатар көші-қон саясаты, еңбек қауіпсіздігі және кадр даярлаудың жаңа үлгілері де қоғам сұранысына сай жетілдірілуде. Бұл бастамалардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын арттырып, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған.

– Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлішер БЕКБОЛАТ,
«Semei tauhy»



БОРОДУЛИХА



Қоғамда үнсіз жүріп-ақ үлкен іс тындыратын жандар бар. Олар атақ қуаламайды, көпшіліктің алдында көріне бермейді. Бірақ олардың күнделікті еңбегі жүздеген адамның өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етеді. Осындай абыройлы жолды таңдаған жандардың бірі -
Бородулиха аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінде қырық жылға жуық уақыт бойы адал еңбек етіп келе жатқан Икласова Жангүл Еркінбекқызы.

МАМАНДЫҒЫНА АДАЛ ЖАН

Жангүл Еркінбекқызының еңбек жолы бала күнгі арманнан бастау алады. Өмірін медицина саласымен байланыстыруды қалаған кейіпкеріміз 1984 жылы Бородулиха ауылындағы Николай Островский атындағы орта мектепті тамамдаған соң, Семей медицина университетіне құжаттарын тапсырады. Алайда алғашқы талпынысы сәтсіз аяқталады. Дегенмен арманынан бас тартпай, Бородулиха ауылында ашылған медициналық училищеге түседі.

1986 жылы медициналық училищені қызыл дипломмен бітірген жас маман аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөліміне жұмысқа орналасты. Осы жерде дәрігерлік қызметтің жауапкершілігі мен маңызын терең түсінді. Ол өзінің алғашқы ұстазы әрі тәлімгері Ақлима Әділғазықызын әрдайым ерекше құрметпен еске алады.

Алғашқы жылдар жас маман үшін оңай болған жоқ. Ауыр халдегі науқастар, күрделі клиникалық жағдайлар, тәулік бойғы көзекшілік - мұның бәрі аса шыдамдылықты талап етті. Жас маман медицина саласы ерекше жауапкершілік пен төзімділікті қажет ететінін терең сезді. Жангүл Еркінбекқызы шыңдала түсті. Әсіресе жұқпалы аурулардың кең таралуы медицина қызметкерлерінен жоғары дайындық пен сақтықты талап етті. Бұл кезең Жангүл Еркінбекқызы үшін үлкен өмір мектебі болды, оның білікті маман болып қалыптасуына берік негіз қалады.

Бүгінде ол жұқпалы аурулар бөлімінде 40 жылға жуық уақыт абыроймен қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол осы мамандықты таңдағанына бір сәт те екінген емес.

Кейінгі жылдары әлемді шарпыған коронавирус пандемиясы медицина саласы үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын кезеңде Жангүл Еркінбекқызы мен оның әріптестері тәулік бойы еңбек етіп, қауіпті індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүрді.

Жангүл Еркінбекқызы еңбек ететін жұқпалы аурулар бөлімі - көп салалы құрылым. Мұнда ересектерге, балаларға және жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсетіледі. Сондықтан әрбір маманнан жедел шешім қабылдау, шұғыл көмек көрсету және жоғары кәсіби дайындық талап етіледі. Ұжымдағы ұйымшылдық пен өзара қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, жас мамандарға бағыт-бағдар беру, заманауи технологияларды меңгеру де жұмыс сапасына да ықпал етіп отыр. Бұл ұжымның кәсіби деңгейінің жоғары екенін де көрсетеді.

Кейіпкеріміздің өмірлік ұстанымы - өз ісін жауапкершілікпен атқару. Оның пікірінше, адамгершілік, кәсіби білім және науқасқа деген шынайы жанаңшылық - медицина мамандарының бойында болуы керек қасиеттер.

Жангүл Еркінбекқызы - үлгілі отбасының ұйытқысы. 1987 жылы Бородулиха ауданының азаматы Құрманғали Икласовпен шаңырақ көтеріп, бүгінде екі бала тәрбиелеп өсірген, бес немеренің қызығын көріп отырған бақыты жән. Отбасы - оның өмірдегі басты тірегі, таусылмас қуат көзі. Өмірдің әрбір қарапайым сәтін бағалай білетін жан бос уақытын әрқашан жақындарына арнайды.

Кейіпкеріміздің көп жылғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Түрлі деңгейдегі алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Дегенмен Жангүл Еркінбекқызы үшін ең үлкен марапат - емделушілердің алғысы мен әріптестерінің құрметі.

Жангүл Еркінбекқызының еңегілі өмір жолы жас буын үшін үлгі болары сөзсіз. Оның қажырлы еңбегі, адамға деген шексіз мейірімі мен мамандыққа деген адалдығы - нағыз медицина қызметкерінің келбетін айқындайтын асыл қасиеттер.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай қажет. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керек, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды», – деп Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында бекер айтпаған. Арада қанша уақыт өтсе де бұл пікір маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ. Баспасөз - ақпарат құралы ғана емес, қоғамның шынайы айнасы, сонымен қатар елдің тарихы.

ӘРІПТІ ҚОЛМЕН ТЕРГЕН КҮЛӘН АПАЙ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында алғашқы саны 1936 жылы жарық көрген Ақсуат аудандық «Тарбағатай» газетінің баспаханасында қырық жылдан астам уақыт бойы әріп теруші болып еңбек еткен Күлән Жүнісова жайлы сөз қозғамақпыз.

Күлән апай 1926 жылы Абырай ауданында дүниеге келген екен. Ал жұбайы, өзімен түйдей құрдас Қабден Сарғыз - Ақсуаттың азаматы. Қабден аға - майдангер, 19 жасында әскерге алынып, Болгария, Румыния жерлерін азат ету шайқастарына қатысқан. Елге оралған соң аудандық тұтынушылар одағында, ПМК құрылыс мекемесінде ұзақ жыл қойма меңгерушісі болып жұмыс істеді. Быыл ұрпақтары ата-аналарының туғанына 100 жыл толуын атап өтуде.

Күлән апай еңбек жолын 1943 жылы Ақсуаттағы баспаханада әріп теруші болып бастаған екен. Ақсуат ауданы Көкпектіге қосылып, баспахана жабылғанда Ақсуат рабкобына сатушы болып орналасыпты. 1965 жылы Ақсуат аудан болып қайта құрылғанда баспахана жаңадан ашылып, Күлән апай өзінің жанына жақын, сүйікті кәсібін қайта қолға алып, іске кірісіпті. Содан өмірінің ақырына дейін әріп теріп, газет беттерін қаттап, реттеп, өмірлік тәжірибесін жастарға үйретіп, Шәмшия, Нағима, Ғайша сынды замандастарымен, Күлімхан Манабаева, Нәзигүл Оразбаева, Фаридә Зейнелова, Қализа Какимова, Бәтигул Айдаболова сынды жас буын өкілдерімен тіл табыса отырып жемісті еңбек етті. 1970 жылдардан бастап аудандық газетте Фазыл Ибрагимов, Асқар Нұрбаев, Абай Әукішев, Ғалымбек Таханов, Ерғали Жұмаханов және басқалар редактор, редактордың орынбасары болды.

Газет шығару - өте күрделі шаруа. Жаңалық жинау, мақала жазу, оқыман хаттарын редакциялау, беттеу өз алдына, алыстағы аудан жағдайында баспахана жұмысының машақаты тым көп екенін кезбеп көріп, қолмен ұстаған соң жақсы білеміз. Газетте жауапты қатып болған Советжан Түсіпов, Амангелді Әпсейитов, Амантай Баймұхамбетов, Төлеубай Қылышбаев, Мейрам Оралов, Социал Айқымбаев, Бауыржан Аманқұлов, Күләш Жыбырбаева, Мұрат Мағауов, Жұман Жасқыбаев, Марат Малдыбаев және басқа азаматтармен бірге жұмыс істеген жылдары әріп теріп, бет қаттайтын Күлән апайдың іскерлігіне, жауапкершілігі мен ұқыптылығына тәнті болатынбыз. Сол жылдары аудандық газет баспа ісінің алғашқы дәуірінде өмір сүрді. Қарпітер (бір әріп сіреңкенің бір тал шы іспетті болатын) қорпаттардағы жеке ұяшықтардан қолмен теріліп, «верстақ» деп аталатын арнайы құралға сөзбе-сөз тіркеліп, мақала мәтіні құрастырылатын. Дайын болған жолдар газет бетіне орналастырылып, газет механикалық баспа машинасы (білік баспа әдісі) арқылы қолмен басылатын. Сол жылдары аудандық газет қазіргідей аптасына бір рет емес, үш рет шығатын еді. Таралымы да мол болатын. Міне,

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ: КІТАПХАНА ҚОРЫ ЖАҢА ТУЫНДЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 16 мамырда «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғаны белгілі. Бұл ретте Үкімет кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Кешенді жоспарда кітапхана және кітап ісін дамыту, оқуды насихаттау, заманауи цифрлық инфрақұрылым қалыптастыру шаралары қамтылған. Осы жоспар аясында Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханада түрлі іс-шаралар қолға алынууда. Өскеген ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық құндылықтарға негізделген сапалы әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында кітапхана қоры жаңа басылымдармен толықуда.

Кітап баланың дүниетанымын қалыптастырып, рухани дамуына жол ашады. Сондықтан жас оқырмандарға сапалы әрі тәрбиелік мәні зор әдебиеттер ұсыну – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Жуырда жерлесіміз - танымал журналист, медиа саласының білікті маманы Айбек Қосанның «Алтыннан да қымбат достық» атты танымдық ертегілер жинағының тұсау-кесері өтті.

Жас өрен назарына ұсынылып отырған бұл жинаққа енген ертегілерде достық, адалдық, мейірімділік, қамқорлық, сыйластық секілді асыл қасиеттер кеңінен насихатталады. Шығармалардағы кейіпкерлердің басынан өткерген оқиғалары арқылы балалар өмірлік маңызды құндылықтарды түсініп, жақсылық пен жамандықтың аражігін ажырата білуге үйренеді. Ертегілердің тілі жеңіл, мазмұны тартымды әрі тәрбиелік мәні жоғары болғандықтан, олар мектеп жасындағы балаларға ғана емес, ата-аналар мен ұстаздарға да құнды көмекші құрал бола алады.

Бұл кітаптың жазылу тарихы ерекше. Әкелік мейірім мен балаға деген шексіз сүйіспеншіліктен басталған бұл туындының негізінде қарапайым отбасылық құндылық жатыр. Автордың айтуынша, оның бір жасар қызы ертегісіз ұйықтамайтын болған екен. Сөбіне сапалы дүние іздеп жүріп, өзі ертегі жазуға беркінеді. Осылайша, алып емен-



ді мекендеген ақкөңіл тиін мен дана үкі өмірге келеді. Автор сауықсанның айнасы мен тоқылдақтың әділдігі арқылы бала насасына адалдық пен достық ұғымын сіңіруді мақсат еткен.

Басылымның безендірілуі де ерекше көз тартады. Талантты суретші-иллюстратор Аружан Қайратқызы кейіпкерлердің бейнесін автормен бірге екі ай бойы талқылап, олардың мінезіне сай жарқын образдар жасап шыққан. Ал әдеби редакторлар Аяужан Рысқұлқызы мен Еркебұлан Нұрқеш мәтінді балалардың қабылдауына барынша жеңіл әрі тартымды етіп өңдеген.

Аталған кітаптың тағы бір үлкен жетістігін айта кеткен жөн. Бұл туынды Италияның Болонья қаласында өткен әлемдегі ең беделді «Bologna Children's Book

Fair» халықаралық балалар кітаптары жәрмеңкесіне Қазақстан атынан қатысып, шетелдік сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Бұл – отандық балалар әдебиетінің халықаралық аренадағы үлкен жеңісі.

Салтанатты шарада игі бас-тамаға қолдау білдіріп, алғашқы болып сөз алған облыстық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Гүлнұр Ыдыршыева облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтау хатын табыстап, ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Мұстафин басқарма атынан алғыс хатпен марапаттап, автордың игына шапаны жапты. Өз кезегінде кітапхана директоры ақын Мерей Мейіртаұлы да балалар әде-

биетінің жауапкершілігіне тоқта-лып, лебізін білдірді.

Кітаптың тұсауын Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ақын Дәмеш Омарбаева кесіп, жаңа туындыға ақ жол тіледі.

Іс-шара барысында Айбек Қосан оқырмандармен еркін пікір алмасып, балалар әдебиетінің тәрбиелік маңызы туралы ой бөлісті.

Өзге өңірлердің ықыласы қаншалықты ыстық болса да, кіндік қаным тамған, балалық шағымның күәсі болған туған жерімнің орны мен үшін мүлде бөлек. Мен бүгін Семейге алыстан келген қонақ емес, өз ұясына, өз еліне есеп беруге келген перзенттеріңіз ретінде алдарыңызда тұрмын, – деді Айбек Қосан.

Жиында қаламыздағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының меңгерушілері, мектеп кітапханашылары мен М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің студенттері қатысып, авторға жылы лебіздерін білдірді. Кітапхана қорына келіп түскен мазмұны терең, тәрбиелік маңызы зор, көркем безендірілген ертегілер жинағы балалардың сүйікті кітаптарының біріне айналып, олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра түсері сөзсіз. Барша оқырмандарды жаңа кітаппен танысуға шақырамыз.

А.ЖАНСЕЙТОВА,
Абай атындағы әмбебап кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ:

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

2026 жылғы 26 маусымда «БЖЗҚ» АҚ барлық ниет білдірушілерді «БЖЗҚ» АҚ-ның цифрлық қызметтері. Қор қызметтерін алу кезінде алаяқтардан және жалған делдалдардан дербес деректерді қорғау» тақырыбында кезекті Ашық есік күніне қатысуға шақырады.

Кездесу барысында БЖЗҚ мамандары зейнетақы қызметтерінің біразын қашықтан және кез келген ыңғайлы уақытта алуға мүмкіндік беретін Қордың заманауи цифрлық сервистері, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл туралы айтып беретін болады.

Кездесуде Сіз:

- БЖЗҚ-ның қандай цифрлық сервистері салымшыларға/алушыларға қолжетімді екенін және оларды қалай пайдалану керектігін;
- жеке кабинетте және мобильді қосымшада зейнетақы қызметтерін қалай алуды, зейнетақы жинақтарының жай-күйін бақылауды, берілген өтініштердің мәртебесін қадағалауды және т. б.;
- болашақ зейнетақы төлемдерін бағалауға және зейнетақымен

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

Елімізде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру тәртібі Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағидаларға сай жүзеге асырылады. Бүгінде бұл мемлекеттік қызмет «электрондық үкімет» (egov.kz) веб-порталы арқылы көрсетіледі. Өтініш берудің нәтижесінде азаматтарға арнайы ветеринариялық-санитариялық қорытынды беріледі немесе қызметтен бас тарту туралы уәжді жауап жолданады.

Заңнамаға сәйкес, бұл - ақылы қызмет. «Ветеринария туралы» Заңның 35-бабына сүйені отырып, қызметті алушы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында - www.gov.kz көрсетілген ветеринариялық-санитариялық қорытындының құнын төлеуі тиіс. Төлемді екінші деңгейдегі банктер, банк операциялары жүргізетін ұйымдар немесе тікелей «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасын нысанда жасауға болады.

Қызмет көрсететін мемлекеттік орган дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді (түскі үзіліс: 13.00 – 14.30). Демалыс және мереке күндері қабылданбайды. Егер кәсіпкер портал арқылы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін немесе демалыс күндері өтініш жіберсе, ол келесі жұмыс күні тіркеліп, өңделеді.

Қызмет алушыдан төмендегідей құжаттар мен мәліметтер талап етіледі:

1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға (8-қосымшаға) сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық нысандағы өтініш;

2. меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3. «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарламалар, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы, меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуы туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алынады. Сондықтан мемлекеттік органның базада бар құжаттарды қайта талап етуіне жол берілмейді.

Қандай жағдайда қызмет көрсетуден бас тартылуы мүмкін?

• Мониторинг нәтижесінде нысандың жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретіні анықталса;

• Ветеринария саласындағы заңнама талаптары бұзылған жағдайда;

• Ұсынылған құжаттарда жалған немесе бұрмаланған мәліметтер болса;

• Қызметті алушыға қатысты ветеринариялық-санитариялық қорытынды алуға байланысты қызметке немесе жекеменшік қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі шыққан болса, қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауап жолдануы мүмкін.

К.ҚҰРЖАНБАЕВ,
ҚР ВБЖҚ Комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

Хамза СӘТИБЕВ,
Ақсуат ауданы

